

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Жеті жарғы" республикалық заң әдебиеті баспасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 23 қыркүйектегі N 938

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес, халықты заң, құқықтық әдебиеттермен және басқа да баспа басылымдарымен неғұрлым толық қанағаттандыруда бәсекелестік қабілеттілікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Жеті жарғы" республикалық заң әдебиеті баспасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оны "Жеті жарғы" жабық акционерлік қоғам етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын;

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті екі айлық мерзім ішінде заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) "Жеті жарғы" жабық акционерлік қоғамының жарғысын әзірлесін және тіркесін;

2) "Жеті жарғы" жабық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің 50 процентін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің, 50 процентін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің иелігіне және пайдалануына берсін;

3) Алматы қаласы, Абай даңғылы 10 мекен-жай бойынша орналасқан үйдегі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Жеті жарғы" республикалық заң әдебиеті баспасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны орналасқан 1054 м2 алаң "Жеті жарғы" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына кіргізілсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі екі айлық

мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК